

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап арттыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 830 қаулысы.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

"Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 8-1-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбек ету қабілетінен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайларына тағайындалған әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап алатын әлеуметтік төлемдердің мөлшерінен он алты пайызға арттыру жүргізілсін.

2. Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев